



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2020 жылғы 7 қыркүйегі

№ 54-480-VI

Сарыағаш қаласы

город Сарыағаш

**Сарыағаш ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға
(азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі №512 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне сәйкес, Сарыағаш ауданы мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес Сарыағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Сарыағаш ауданы мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш ауданы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

К. Пердекулов

**Аудандық мәслихат хатшысы
міндетін уақытша атқарушы**

Е. Туребеков

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 23.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 5813 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов,
22.09.2020 17:19:41, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат хатшысы міндетін уақытша
атқарушы Ергеш Есенбекович Туребеков, 22.09.2020 17:20:38, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Қайрат
Куралбаевич Пердекулов, 22.09.2020 17:21:09, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Заместитель руководителя Айдос Мусиралиевич Тогузбаев,
23.09.2020 12:07:33, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі